

## Глубокое ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

### *Күші жойғал*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 26/7-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 11 желтоқсанда № 5-9-188 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2026 жылғы 26 ақпандағы № 33/6-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 25.02.2026 № 33/6-VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01 2019 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 510-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Глубокое ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" 2015 жылғы 20 қазандағы № 40/8-V Глубокое аудандық мәслихатының шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4240 болып тіркелген) сәйкес, Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 505-бабында белгіленген, жер салығының мөлшерлемелері жер салығының базалық мөлшерлемелерінен арттырылсын.

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 506 – бабында белгіленген жер салығының мөлшерлемелері жер салығының базалық мөлшерлемелерінің 50 пайызына арттырылсын.

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 29.04.2021 № 5/4-VII шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы  
Глубокое аудандық  
мәслихатының хатшысы

В. Бородина  
А. Баймульдинов

Глубокое аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 30 қарашадағы  
№ 26/7-VI шешіміне қосымша

### Глубокое ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері

№ аймақтар	Аймаққа кіретін елді мекендер	"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 505-бабында белгіленген базалық салық мөлшерлемелерін арттыру пайызы
1	Глубокое кенті, Белоусовка кенті, Прапорщиково ауылы, Опытное поле ауылы, Солнечное ауылы	50%
2	Верхнеберезовский кенті, Алтайский кенті, Предгорное ауылы, Кожохово ауылы	49%
3	Веселовка ауылы, Березовка ауылы, Секисовка ауылы, Прогресс ауылы, Уварово ауылы	48%
4	Перевальное ауылы, Белокаменка ауылы, Бобровка ауылы, Тарханка ауылы	47%
5	Ушаново ауылы, Степное ауылы, Быструха ауылы, Планидовка ауылы, 226 км разъезді, Черногорка ауылы	46%
6	Ново Михайловка ауылы, Заречное ауылы, Каменный Карьер ауылы, Новая Ульба ауылы, Ульба Перевалочная станциясы, Винное ауылы, Малоубинка ауылы	45%
7	Черемшанка ауылы, Горная Ульбинка ауылы, Зимовье ауылы	44%
8	Калинино ауылы, Сметанино ауылы, Красная Заря ауылы	43%
9	Веселое ауылы, Аврора станциясы	42%
10	Волчиха ауылы, Топиха ауылы, Карагужиха кенті	40%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК